

Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық қоғамдастық арасындағы ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 мамырдағы N 406-ІІ заңы

Брюссельде 1999 жылғы 19 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық қоғамдастық арасындағы ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі
Еуропалық қоғамдастық арасындағы ядролық қауіпсіздік
саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім**

Бұдан әрі тиісінше "Тарап" немесе "Тараптар" деп аталатын, бұдан әрі "Қазақстан" деп аталатын Қазақстан Республикасы бір жақтан және бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастық екінші жақтан

Қазақстан мен Еуропалық Қоғамдастық және олардың мүше мемлекеттері 1995 жылғы 21 қаңтарда Әріптестік пен Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойғандығын е с к е а л а о т ы р ы п ;

Қазақстан мен Қоғамдастыққа мүше мемлекеттер Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың қатысушылары және Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мүшелері болып табылатындығын еске ала отырып;

Бұдан әрі "Комиссия" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастықтың Комиссиясы Қоғамдастық деңгейінде басқалардың арасында радиациядан қорғау жөніндегі негізгі стандарттарды айқындау үшін, олардың орындалуын қамтамасыз ету үшін және радиация туралы деректерді жинау мен бақылау үшін жауапты екендігін еске ала о т ы р ы п ;

айнала ортаны қорғау және осымен байланысты Қоғамдастық деңгейінде үшінші тараптармен ынтымақтастықтың маңызды роль атқаратындығын еске ала отырып;

Комиссия Қоғамдастықтың реакторлық қауіпсіздікті, радиациялық қауіпсіздікті, қалдықтарды меңгеру мен ядролық қондырғыларды пайдаланудан шығаруды және бөлшектеуді қоса алғанда, ядролық қауіпсіздік саласында, сондай-ақ ядролық материалдарға кепілдіктерді қолдану саласында зерттеушілік бағдарламасын жүзеге асыратындығын және ол осы мәселелер бойынша үшінші елдермен ғылыми және технологиялық ынтымақтастықты дамытуға ниетті екендігін, оларды ядролық

қауіпсіздік жөніндегі халықаралық мақұлданған принциптер мен нұсқауларға жақындастыруды мақсат тұтатындығын назарға ала отырып;

атом электр станцияларының қауіпсіздігін күшейту жөніндегі ғылыми-зерттеушілік және конструкторлық бағдарламаның бөлігі ретінде пайдалануға болатын атом электр станциясы мен үш зерттеу реакторы Қазақстанда жұмыс істейтіндігін назарға ала отырып;

Қазақстанның ядролық қауіпсіздік саласындағы реттеушілік қызметі халықаралық танылған нормалар мен стандарттардың негізінде айнала ортаны және тұтастай алғанда халықты қорғауды, сондай-ақ персоналды радиациядан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталғандығын еске ала отырып;

экономиканың, айнала ортаның және халықтың талаптары бойынша энергетикалық көздердің әртүрлілігі қажеттігін ескеріп, Қазақстан мен Қоғамдастықтың энергетикалық мұқтаждарын қамтамасыз етуге ядролық энергетиканың болашақ үлесі тұтастай алғанда ядролық қауіпсіздік саласында жоғарыда аталған міндеттерді шешілуге тәуелді екендігін мойындай отырып;

Қазақстан мен Қоғамдастық көздеген ядролық қауіпсіздік жөніндегі бірлескен іс-қимылдардың түрлі нысандарын ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық, ядролық қауіпсіздіктің ғылыми негізделген және халықаралық қабылданған нормаларын белгілеуді және қолдануды қоса алғанда, өзара мүдделер негізінде тек бейбіт мақсаттарда жүзеге асырылатын және ядролық қауіпсіздіктің нығайуына жәрдемдесетін болады.

2-бап

Тараптар мынадай салалардағы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерлерді жұмсайды:

(а) Реактордың қауіпсіздігін зерттеу

Қауіпсіздік мәселелерін шолу және талдау; ядролық қауіпсіздікті нығайтудың тиісті тәсілдерін белгілеу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған және жоспарланып отырған ядролық реакторларға баға беру.

(б) Радиациялық қауіпсіздік

Зерттеулер, реттеушілік аспектілер, қауіпсіздік нормаларын әзірлеу, жұртшылықты хабардар ету, кәсіби дайындық және оқыту. Аз мөлшердегі сәулеленудің әсерін және радиоактивтік ластануға, өнеркәсіптік және медициналық сәулеленуге ұшыраған аймақтардың қалпына келушілігін зерделеуге және апаттардан кейінгі іс-шараларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

(с) Ядролық қалдықтармен жұмыс

Геологиялық жарамды көмулерге баға беру және оңтайландыру, ұзаққа

ыдырамайтын қалдықтармен жұмыстың ғылыми аспектілері және алаңдарды қалпына келтірудің стратегиясы

(d) Ядролық қондырғыларды пайдаланудан шығару, залалсыздандыру және бөлшектеу

Ядролық қондырғыларды пайдаланудан шығару, залалсыздандыру және бөлшектеу стратегиясы, атап айтқанда, радиологиялық аспектілер.

(e) Ядролық материалдарды таратпау кепілдігінің жүйесін зерттеу және дамыту

Кепілдіктерді қолдану кезінде ядролық материалдарды өлшеу тәсілдерін дамыту мен баға беру және ілеспе материалдардың сипаттамасы мен ядролық материалдарды есепке алу және бақылау жүйелерін әзірлеу.

(f) Ядролық материалдармен заңсыз сауданы болдырмау

Ынтымақтастық ядролық материалдарды бақылаудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіру мақсатында жүзеге асырылуы тиіс.

3-бап

1. Ынтымақтастық:

- есеп берулер, кездесулер, семинарлар, техникалық мәжілістер және с.с. көмегімен техникалық ақпараттармен алмасу;

- жұмысшы персоналмен, соның ішінде екі Тараптың зертханалары және/немесе ұйымдары арасындағы оқыту мақсатында алмасу; мұндай ынтымақтастық Тараптардың тиісті аумақтарында құрылған мекемелер мен тұлғалардың арасында да жүзеге асырылады;

- эксперименттік мақсаттар үшін үлгілермен, материалдармен, құралдармен және аппаратурамен алмасу;

- бірлескен жаттығулар мен қызметке теңгерімді қатысу жолымен жүзеге асырылады.

2. Қажеттілік жағдайда Тараптар және/немесе уәкілетті органдар арасында жоғарыда аталған белгілі бір бірлескен қызметті жүзеге асырудың көлемін, мерзімдерін және шарттарын белгілейтін атқарушылық келісімдер жасалуы мүмкін.

Мұндай келісімдер басқаларының арасында қаржы шарттарына, басқару функцияларының сипаттамасына қатысты бола алады және ақпаратты тарату мен интеллектуалдық меншікке арналған құқықтардың нақты ережелерін мазмұндай алады.

3. Күш-жігерлердің қайталануын шағындау мақсатында Тараптар өз қызметін осы Келісім бойынша өздері қатысушы болып табылатын ядролық қауіпсіздікпен байланысты басқа да халықаралық қызметтермен үйлестіретін болады.

4-бап

1. Осы Келісім бойынша әрбір Тараптың міндеттемелері қажет етілетін қаржылық қаражаттардың болуын ескерумен орындалады.

2. Ынтымақтастықтан туындайтын барлық шығындарды оларды өндіретін Тарап ө т е й д і .

3. Өнеркәсіптік қызметті қаржыландыру осы Келісімнің көлемінен алынып тасталынады.

5-бап

1. Қоғамдастықтың мүдделерін ескере отырып, осы Келісім Атом энергиясы жөніндегі Еуропалық Қоғамдастықты құру туралы шарт қолданылатын аумақтарда қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

2. Осы Келісім бойынша ынтымақтасу Тараптардың қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ Тараптар арасында жасалған халықаралық келісімдерге сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

3. Әрбір Тарап қолданыстағы заңнамалар шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін қажетті тұлғалардың іссапарымен, материалдар мен жабдықтарды тасымалдаумен және валютаны аударумен байланысты ресімдерді орындауды оңайлату ү ш і н б а р к ү ш - ж і г е р і н с а л а д ы .

4. Осы Келісімді орындау барысында жіберілген шығындарды өтеу қолданысты заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап

Осы Келісім жөніндегі ынтымақтастыққа байланысты ақпаратты және интеллектуалдық меншікке арналған құқықтарды қолдану және тарату, патенттер мен авторлық құқықтар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын Қосымшаларға сәйкес болады.

7-бап

Тараптар қолданысты заңнама шеңберінде осы Келісім бойынша туындайтын барлық мәселелерді өзара консультациялар жүргізу жолымен шешу үшін бар күш-жігерді жұмсайды.

8-бап

1. Екі Тарап тең санда тағайындайтын мүшелерден тұратын Үйлестіру Комитеті осы Келісімнің орындалуына жетекшілік ету үшін құрылатын болады.

2. Үйлестіру Комитеті қажеттілік шамасына қарай не Қоғамдастықта, не Қ а з а қ с т а н д а :

- осы Келісім бойынша ынтымақтастыққа шолу мен баға беру және олар жөнінде жы л д ы қ е с е п т е р д і д а й ы н д а у ;

- тиісті бағдарламалар бойынша Тараптардың тәуелсіз шешімдер қабылдауы үшін залалсыз осы Келісім бойынша жүзеге асырылатын жекелеген міндеттерді екіжақты келісу ү ш і н тұ р а қ т ы мәжілістер өткізеді.

3. Екіжақты келіскен кезде айрықша мәселелерді немесе жекелеген мән-жайларды талқылау үшін төтенше мәжілістер өткізіле алады.

9-бап

1. Осы Келісім Тараптар дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен белгіленген күнінен бастап күшіне енеді және оған қол қойған сәттен бастап он жыл ішінде б а с т а п қ ы к ү ш і н д е қ а л а д ы .

2. Одан әріде, егер тек Тараптардың кез келгені Келісім күнінің аяқталуына дейін алты ай бұрын жазбаша хабардар ету жолымен оны тоқтатуды немесе қайта қарауды талап етпесе, осы Келісім өздігінен келесі бес жылға ұзартылады.

3. Осы Келісім күші тоқтатылған немесе қайта қаралған жағдайда тоқтатылуы және қайта қаралуы талап етілген сәттен бұрын жүзеге асырылған ынтымақтастыққа қатысты және осындай ынтымақтастықтың және сәйкес келісімдердің аяғына дейін немесе осы Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталған сәтінен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде қайсысының ерте болатынына байланысты, өзінің алғашқы нысанындағы к ү ш і н д е қ а л а д ы .

4. Осы Келісімді тоқтату 6-бап бойынша құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды .

10-бап

Осы Келісім екі данада қазақ, дат, голланд, ағылшын, фин, француз, неміс, грек, итальян, португал, орыс, испан және швед тілдерінде жасалады. Келісімнің осы тілдердегі мәтіндерінің бірдей күші бар.

1999 жылғы 19 шілдеде Брюссель қаласында жасалды.

Қазақстан Республикасы Атом Энергиясы жөніндегі
үшін Еуропалық Қоғамдастық үшін

I қосымша

**Ядролық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы
келісім бойынша бірлескен зерттеуден туындайтын
интеллектуалдық меншікке* арналған құқықтарды беруге
басшылық ететін принциптер**

* Осы Басқару Принциптерінде қолданылатын анықтамалар II Қосымшада сипатталған

**I. Құқықтарға арналған меншік. Құқықтарды беру
және қолдану**

1. Осы Келісім бойынша жүргізілетін барлық зерттеулер "бірлескен зерттеулер" болып табылады. Қатысушылар бірлескен зерттеулер барысында жасалатын ақпаратты жариялау мен Интеллектуалдық Меншікті (ИМ) қоса алғанда, меншік пен пайдалануға қатысты бірлескен технологияны басқару жоспарларын (ТБЖлар)** бірлесіп әзірлейді. Мұндай жоспарларды Тараптар олардың қатысы бар 3 және Ө ынтымақтастығы туралы кез келген шарттардың аяқталуына дейін бекітеді. ТБЖлар бірлескен зерттеулердің мақсаттары, қатысушылардың тиісті үлестері, аумақтар немесе салалар бойынша лицензиялауды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері, қолданысты заңнамаларда көзделген талаптар және қатысушылар қажетті деп санайтын басқа да

факторлар ескеріле отырып әзірленеді. Иссапарға жіберілген зерттеушілердің ИМ-ге қатысты зерттеулеріне байланысты құқықтары мен міндеттемелері бірлескен технологияны басқару жоспарларында сол сияқты сипатталады.

**** Осындай ТБЖ-ның индикативтік сипаттамалары III Қосымшада белгіленеді.**

2. Бірлескен зерттеу процесінде алынған немесе құрылған және технологияны басқару жоспарында ескерілмеген ақпарат немесе ИМ технологияны басқару жоспарында баяндалған принциптерге сәйкес Тараптардың мақұлдауымен таралады. Мұндай ақпарат немесе ИМ мақұлданбаған жағдайда оның процесінде ақпаратты алу болатын немесе ИМ қалыптасатын бірлескен зерттеумен айналысатын барлық қатысушылардың бірлескен меншігінде болады. Осы ереже қатысы бар әрбір қатысушының қандай да бір географиялық шектеулерсіз осындай ақпаратты немесе ИМ-ны өзінің дербес коммерциялық қолдануы үшін пайдалануға құқығы болады.

3. Әрбір Тарап басқа Тарап пен оның қатысушылары осы принциптерге сәйкес оларға берілген ИМ-ге арналған құқықты иеленуін қамтамасыз етеді.

4. Осы Келісімнің қолданылуына түсетін салаларда бәсекелестікке қабілеттілік жағдайларын қамтамасыз ете отырып, әрбір Тарап осы Келісімнің қолданылуына жатқызылған құқықтар, атап айтқанда:

(i) осы Келісім бойынша алынған немесе басқа жолмен рұқсат етілген ақпараттарды таратуды немесе пайдалануды;

(ii) халықаралық стандарттарды қабылдауды және қолдануды осындай түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін күш-жігерді қолданатын болады.

II. Авторлық құқықтар

Тараптарға немесе олардың қатысушыларына тиесілі авторлық құқықтар Берн Конвенциясының (1971 жылғы Париж Актісі) ережелеріне жауап беретін режимді пайдалануы тиіс.

III. Ғылыми әдеби жұмыстар

IV бөлімге залалсыз, ТБЖларда өзгеше келісімесе, зерттеу нәтижелерін жариялау Тараптармен немесе осындай бірлескен зерттеудің қатысушыларымен бірлесе отырып жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған жалпы ережелерді ескерумен мынадай ережелер қолданылады:

1. Тарап немесе осы Тараптың мемлекеттік органдары, осы Бапқа сәйкес бірлескен зерттеуге байланысты бейне және бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, ғылыми және техникалық журналдарды, мақалаларды, есеп берулерді, кітаптарды жариялаған жағдайда, басқа Тараптың аударуға, қайта жасауға, бейімдеуге, тапсыруға және осындай жұмыстарды ашық таратуға арналған бүкіл дүниежүзінде қолданылатын айрықша емес, роялтиден босатылған шартсыз лицензияға құқығы болады.

2. Тараптар осы Келісімге сәйкес бірлескен зерттеуге байланысты туындайтын және тәуелсіз баспагерлер жариялаған ғылыми сипаттағы әдеби жұмыстардың мүмкіндігінше тұлғалардың неғұрлым кең тобы арасында таратылуын қамтамасыз

е т е д і .

3. Ашық таратылатын және осы ереже бойынша дайындалған авторлық құқықтармен қорғалған жұмыстардың барлық көшірмелерінде, егер тек автор немесе авторлар өзінің атын (өздерінің аттарын) көрсетуден бас тартуын білдірмесе, жұмыс авторының (авторларының) аттары көрсетілуі тиіс. Оларда сол сияқты Тараптардың бірлескен қолдауының көрнекі растауы мазмұндалуы тиіс.

IV. Ашылмаған ақпарат

A. Құжатты ашылмаған ақпарат

1. Әрбір Тарап немесе оның қатысушылары, сәйкесінше, мүмкіндігінше неғұрлым ерте мерзімдерде және технологияны басқару аясында ол немесе олар ашпай қалдыруды қалайтын осы Келісімге қатысты артықшылықты ақпаратты басқаларының арасында мынадай өлшемдерді назарға ала отырып белгілейтін болады:

- ақпараттың құпиялылығы яғни ақпарат басылым ретінде немесе дәл құрама пішінде немесе өзінің құрамдас бөлігінің ансамбліnde жалпыға мәлім немесе зерттеу саласындағы тиісті сарапшыларға заңды жолдармен қол жеткізілімді болып т а б ы л м а й д ы ;

- оның құпиялылығына негізделген нақты немесе әлеуетті коммерциялық құнды а қ п а р а т ;

- ақпараттың ерте қорғалуы яғни ол оның құпиялылығын қолдауға мән-жайлар, заңды түрде жауапты тұлғалар жөнінде ақылға сыйымды шараларды қабылдауды к ө з д е й д і .

Тараптар және қатысушылар жекелеген жағдайларда, егер тек өзгеше ескерілмесе, осы Келісімге сәйкес бірлескен зерттеу процесінде ұсынылған, айырбасталған немесе алынған ақпараттың бөлігі немесе барлығы ашыла алмайды деп келісе алады.

2. Әр Тарап осы Келісім бойынша ашылмаған ақпарат және оның артықшылықты сипаты, мысалы, тиісті белгі қою немесе шектейтін жазба арқылы басқа Тараптың осындай деп танылуын қамтамасыз етеді. Бұл сол сияқты жоғарыда аталған ақпаратты тұтастай немесе ішінара кез келген сөйлетуге қатысты.

Ашылмаған ақпаратты алушы Тарап Келісімге сәйкес оның артықшылықты сипатын құрмет тұтады. Бұл шектеулер, егер меншік иесі мұндай ақпаратты зерттеу саласындағы сарапшыларға шектеусіз ашқан жағдайда, өздігінен тоқтатылады.

3. Осы Келісім бойынша ашылмаған ақпаратты алушы Тарап алушы Тараптың тұлғаларына немесе онда жұмыс істеушілерге және бірлесіп жүргізілетін зерттеулердің арнаулы мақсаттары үшін уәкілеттендірілген алушы Тараптың басқа да коммерциялық ведомстволарына немесе агенттіктеріне кез келген ашылмаған ақпаратты осындай түрде тарату құпиялылық туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс және мұндай ақпарат жоғарыда көрсетілгендей танылуы тиіс деген шарт жағдайында тарата алады.

4. Осы Келісім бойынша ашылмаған ақпаратты беретін Тараптың алдын-ала жазбаша келісімімен алушы Тарап осындай ашылмаған ақпаратты жоғарыдағы 3-

параграфта көзделгенге қарағанда тұлғалардың неғұрлым кең тобына бере алады. Тараптар бірлесе отырып осындай неғұрлым кең көлемді тарату үшін талап ету және жазбаша түрде алдын-ала келісім алу тәртібін әзірлейді, және әрбір Тарап осындай мақұлдауды оның ішкі саясаты мен заңнамасы рұқсат ететін шамада береді.

Б. Құжатталмаған ашылмаған ақпарат

Осы Келісім бойынша жүргізілетін семинарларда және басқа да мәжілістерде ұсынылған құжатталмаған ашылмаған ақпарат немесе басқа құпия немесе артықшылығы бар ақпарат немесе лауазымға тағайындауға, айлабұйымдарды немесе бірлескен жобаларды пайдалануға байланысты алынған ақпарат Тараптармен немесе олардың қатысушыларымен Келісімде құжаттамалық ақпарат үшін белгіленген принципке сәйкес, алайда осындай ашылмаған немесе басқа құпия немесе артықшылықты ақпаратты алушы осындай ақпаратты талқылау барысында алынған ақпараттың құпиялы сипаты туралы хабардар етілді деген шарт кезінде қолданылады.

В. Бақылау

Әрбір Тарап осы Келісім бойынша ол алған ашылмаған ақпараттың онда қарастырылған тәсілмен бақылануын қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды. Егер бір Тарапқа А және Б параграфтарында таратпау туралы ережелерді оның орындай алмайтыны туралы белгілі немесе ақылға сиымды күтілетін болса, ол бұл туралы басқа Тарапты дереу хабардар етеді. Содан кейін Тараптар іс-қимылдардың тиісті бағытын белгілеу үшін кеңестер жүргізеді.

II қосымша

Анықтамалар

1. Интеллектуалдық меншік: Стокгольмде 1967 жылғы 14 шілдеде қол қойылған Интеллектуалдық Меншік жөніндегі Дүниежүзілік Ұйымды құрушы Конвенцияның 2-бабында берілген маңызға ие.

2. Қатысушы: осы Келісім бойынша жобаға қатысатын тараптардың өздерін қоса алғанда, кез келген жеке немесе заңды тұлға.

3. Бірлескен зерттеулер: қажет болған жағдайда Тараптардың бірлескен салымдары есебінен және екі Тараптардың қатысушыларының ынтымақтастығы кезінде орындалатын және/немесе қаржыландырылатын зерттеулер.

4. Ақпарат: бірлескен зерттеу процесінде алынған немесе әзірленген ғылыми немесе техникалық мәліметтер, зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелері немесе әдістері, және бірлескен зерттеумен айналысушы Тараптар және/немесе қатысушылар осы Келісім бойынша ұсынуға немесе алмасуға немесе оған сәйкес зерттеуге қажетті деп санаған кез келген басқа ақпарат.

III қосымша

Технологияларды басқару жоспарының индикативтік сипаттамалары (ТБЖ)

ТБЖ қатысушылар арасында бірлескен зерттеулерді жүргізу және қатысушылардың тиісті құқықтары және міндеттемелері туралы жасалатын жеке келісім болып табылады. Интеллектуалдық Меншік құқықтарына қатыста ТБЖ басқалардың арасында: зерттеу, пайдалану және тарату мақсатында, бірлескен жарияланымдарды ұйымдастыруды, іссапардағы зерттеушілердің құқықтары мен міндеттемелерін және дауларды шешу тәртібін қоса алғанда, жеке меншікті, қорғауды, пайдаланушылардың құқықтарын қамтиды. ТБЖ сол сияқты алдыңғы жағдайларға, лицензиялауға және алынған құжаттарға қатысты ақпаратты мазмұндай алады.